

Алтын айдар, шоқ белбеу *жарым барды*.

Өлең ұйқасы Қ. Жұмалиевтің анықтамасы бойынша бір-бірімен қиыстырылған сөздердегі бір немесе бірнеше сәйкес буынның дыбыс үндестігінен туындайды [4, 339]. Жоғарыдағы жыр жолдарында үйлесетін сөздердің дауысты дыбыстары қайталанып, кей буындар өзгеріссіз қайталанып отырады. Мысалы: кен алармын – тең болармын – сені алармын; нарым барды – арым барды – жарым барды.

Құдайым қызды неге *жаратады*,  
Қыз қылып қолаң шашын *таратады*.  
Қыз да болсам, осы үйдің еркесі едім,  
Қандай жанның қолына *қаратады*.–

деген сыңсу өлеңде шумақтағы қара өлең ұйқасы бірінші, екінші және үшінші тармақтардағы соңғы бунақтардың ұйқасуы арқылы жасалған. *Жаратады* – *таратады* – *қаратады* деген үш сөзде бір фонемада ғана айырмашылығы бар. Фольклорлық поэзияда мұндай сөздердің көптеген ұйқастарын тізбектеп шығуға болады. Сәйкес дыбыстар көбейген сайын ұйқас шымырлана түседі.

Қорыта келгенде, ауыз әдебиетінде өлең шығаруға және жаттауға қолайлы болуы үшін жеңіл сөздердің ұйқасы көп қолданылған. Қазіргі поэзияда ұйқас құрамы біраз күрделеніп, жаңа сипатқа ие болғанымен, дәстүрлі өлең ұйқастары қолданыстан қалмаған. Өлең жүйесі – фольклорлық әдебиеттен келе жатқан дәстүр сабақтастығы. Оның құрамындағы буын, бунақ, тармақ, ұйқас жүйесі поэзияның теориялық мәселелерін зерттеуде маңызын жоймайды.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Жазушы, 1983, - 362 б.
2. Негимов С. Өлең өрімі. – Алматы: Ғылым, 1980, – 136 б.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989, -320 б.
4. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969, - 244 б.
5. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Ғылым, 1973, -212 б.
6. Құдайберген Жұбанов. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2013, - 448 б.
7. Трубецкой Н.С. Основы фонологии. – Москва: Издательство иностранной литературы, 1960, 95 с.

ӘОЖ 811.512.122

#### ҚАЗАҚ ЕСІМДЕРІНІҢ СӨЗДІГІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚҰЖАТТАРДАҒЫ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ НОРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Орынбаева Айжан Кудайбергеновна

[nurai\\_008@mail.ru](mailto:nurai_008@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан,

Ғылыми жетекшісі – Б. Әбдуәлиұлы

Кісі есімдері кез келген тілдің сөздік қорында едәуір үлкен орын алады. Кісі есімдерін зерттейтін тіл білімдегі антропоэекті салалардың бірі – антропонимика (грекше «тұлға» + «есім»), адам аттарын, олардың шығу тегін, эволюциясын, қызмет ету заңдылықтарын қарастыратын ономастиканың бөлімі. Антропонимдер – кісі аттарынан тұратын жалқы есімдердің ірі разряды. Антропоним формуласында, атау беру уәжінде, атау құрлымында

байқалатын әр халықтың өзіндік дәстүрлі заңдалақтары бар. Кез-келген халықтардың антропонимдік қоры (антропонимдер жиынтығы) құрамы жағынан әр түрлі болып келеді. Әр халықтың атау тізімі немесе реестрі (антропонимиконы) шектеулі, сондықтан бір атқа бірнеше адам ие болуы мүмкін. Қазіргі таңда қазақ есімдер әртүрлі жазылып, ат қоюда түрлі формаларын қолдануда. Сондықтан қазақ есімдерінің реестрі орфографиялық норма заңдылықтарын сақтамай келеді. Осы салада өзекті мәселелер ХХ ғасырдың орта шенінен бастап зерттеліп, көптеген еңбектер жарық көрді, сондай-ақ бірқатар сөздіктер де қазақ кісі есімдерін жинақтап анықтамаларын берген. Мұндай сөздіктер қатарына алдымен Н.Д.Оңдасыновтың «Араб текті қазақ есімдері», Т.Жанұзақ пен К.Есбаеваның 1988 жылғы «Қазақ есімдері» сөздігін, 2004 жылғы «Есімдер сыры» қазақ-орыс тілдерінде жарық көрген сөздігін, А.Смағұловтың 2005 жылғы «Казахские имена» жинағын, 2006 жылғы «Қазақ есімдері» энциклопедиялық анықтамалығын, сондай-ақ Б.Жусупованың 2007 жылы жариялаған «Казахские имена» сөздігін жатқызамыз. Осы аталған сөздіктер аясында қарастыратын мәселеміз қазақ есімдерінің біріздендіру жолдарын іздестіру мақсатында жүргізбекпіз. Сондай-ақ қазіргі таңдағы қолданбалы лингвистикада кездесіп жатқан орфографиялық норма қайшылықтарын анықтау мақсатында бірқатар зерттеу нәтижелерімізбен бөлісеміз.

Қазақ тілінде жарияланған А.Смағұловтың сөздігінің алғы сөзінде А.Сейдімбек «Бұл еңбекте тұңғыш рет қазақ этносының аясында қолданыста болған немесе қолданыста жүрген қырық мыңдай түбір тұлғалы антропонимдер тіркеуге алынған. Сондай-ақ, төрт мыңдай төл есімдердің мән-мағынасы сараланған»[1,4], - деген пікір білдірген. Ал, зерттеуші Т.Жанұзақ пен К.Есбаеваның сөздігіне «...анықтама сөздігінде он мыңдай ғана есімдер қамтылған. Мұның өзі негізгі түбір есімнен өрбитін туынды есімдерді қоса есептегендегі көрсеткіш. Мәселен, Балта, Балтабай, Балтабан, Балтабек, Балтазар, Балташ немесе Жайсаң, Жайсаңбай, Жайсаңбек деген сияқты» [2,112] деген ой білдірген.

Еңбек авторы А.Смағұлов «қазақ антропонимикасының генезисі әрқилы қоғамдық-саяси, мәдени-тарихи және әлеуметтік процестердің негізінде туындаған»[1, 6] дейді. Автор сөздікте ер есімдерін және әйел есімдерін әліпбилік жүйемен берген және тізім соңында ерлер және әйелдердің тосын есімдерін жазған. Сондай-ақ, жеті мыңнан аса қазақ есіміне этимологиялық түсініктеме берген. Еңбек соңындағы, «Білгенге-маржан» бөлімінде діни, есімдер, шежірелік ережелер, қазақ хандарының есімдері секілді т.б. қажетті антропонимдік ақпараттарды ұсынған. Автор сөздіктің кіріспесінде есімдердің жазылуына байланысты орфографиялық ережелерді көрсеткен болатын.

Ал Н.Д.Оңдасыновтың «Араб текті қазақ есімдері» сөздігінде түркі тілдерінің дамуына араб тілінің айтарлықтай әсер еткені туралы пікір білдіреді. Қазіргі қазақ есімдерінің негізгі басым тобы төл сөздерімізден, ал қалған бөлігі басқа тілден енген сөздерден қойылып жатады [3,5] деген. Сөздікте ең көбі араб текті кісі есімдері араб, парсы тілдерінен енген жалпы сөздерден есім жасау барысында, **-а** қосымшасы жалғануы арқылы орыс тіліндегі тек категориясының арабша формасымен ерлер үшін қойылған есімдердің әйелдерге де қойылғандығын көреміз. Мысалы, *Әмір – Амира, Әлім – Әлима, Ғазиз – Ғазиза, Рахым – Рахима, Рашид – Рашида, Саид – Саида*, т.б. А.Смағұлов сөздігінде қазақ тілінде тек категориясы болмағанымен, әйел есімдерінің көп бөлігі *а, е, у, я* сынды дауыстыларға, ер есімдерінің көбі дауыссыз дыбыстарға аяқталатындығын айтады [1]. Сонымен қатар, бүгінде қазақ орфографиясына қайшы саналғанымен, төл есімдерге **-а, я** дыбыстарын жалғап, қойылып жүрген есімдер де кездесуде. Мысалы, *Әсема, Әселя, Гүлжана, Гүлнура*, т.б.

Қай сөздікте де бір қазақ есімнің бірнеше варианты берілгенін байқаймыз. Н.Д.Оңдасынов өз еңбегінде араб текті есімдердің халықтық этимологияға түсуі, әсіресе, диалектикалық ерекшелікке байланысты түрлі нұсқада айтылуы көп кездесетінін айтады. «...оны мына тәрізді есімдер құбылысынан анық байқаймыз: *Ғали-Қали, Әлі-Әли, Жүніс-Жұныс, Жүсіп-Жұсып-*

*Дұсып-Түсіп, Фатима-Патима-Бәтима-Батыма, Ғайша-Айша-Қайша* т.б.»[3,6]. Бұл есімдердің бірнеше варианттарының болуының себебін автор дұрыс айтпау немесе теріс жазу салдарынан деп түсіндіреді. А.Смағұлов болса бұл мәселені көбіне, дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігіне байланысты деп көрсеткен. Мысалы: *Абдали – Абдал, Әбдіәли, Афдал; Абдірасул – Әбдірасул, Абдырасул; Абиыр – Абир, Әбір, Әбүйір, Абүйір, Абыыр, Абийір; Абсаттар – Әбсаттар; Ажыгирей – Әжігерей; Ажыбай – Әжібай, Ажбай,* т.б. Дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктеріне байланысты: *Аббас – Аббаз, Апбас, Апнас; Аллаберген – Алдаберген, Алламберген,* т.б. Үндестік заңына байланысты: *Ақарыс – Ағарыз,* т.б. Кірме түбірдің бастапқы тұлғасының сақталуы және қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне қарай өзгерісіне байланысты: *Арифхан – Әріпхан,* т.б. деп көрсеткен.

Есімнің қазақ тіліндегі нұсқасы және *-а, -я* қосымшасын жалғау арқылы орысшалап қолдануы: *Анар – Анара, Анария,* т.б. Сонымен қатар, сөздікке *Алевтина, Андрей, Андриян, Андромеда, Анита,* сынды кірме есімдер мен *Армия, Атом, Атлант* сынды жалпы лексикалық бірліктерден жасалған антропонимдер де енген[1,32]. Байқағанымыздай, А.Смағұловтың сөздігінде қойылған мақсаты қазақ халқының қойған есімдерін, қазақ азаматтарына берілген есімдерді жинақтау болған. Ал, есімнің дұрыс жазылуы немесе вариантты есімдердің қайсысы дұрыс және ережеге сай екендігі мәселелеріне тоқталмаған.

Қазақ антропонимикасына байланысты біршама еңбектердің авторы Т.Жанұзактың К.Есбаевамен бірге жазған 1968 жылы жарияланған «Қандай есімді ұнатасыз?» және 1988 жылғы «Қазақ есімдері» сөздігінде көптеген қазақ есімдері берілген және кісі аттарын дұрыс жазу мәселесі де қозғалған. Кісі аттарын Азаматтық Хал актілерін тіркеу бөлімдерінде қате жазып, кейіннен түзеткісі келіп не анықтама алғысы келгендер сол кезеңде де біршама болғандығын автордың еңбегінде көрсеткен. Мысалы, *Төлеген – Тюлеген, Фаридә – Паридә, Әлихан – Алихан, Хамидолла – Хамид-Алла, Айгерім – Айгурум, Шарбану – Чарбану,* т.б [2]. Бұл есімдер орыс тілінде қате жазылуы туралы келген хаттар бойынша берілген. Сонымен қатар, есімдерді қазақша да қате жазатын жағдайлар да кездеседі. Автор қазақ есімдерін дұрыс жазу мақсатында 1983 жылы жарияланған «Қазақ тілі орфографиясы мен алфавитінде» берілген принциптерді ұсынады. Сөздікте кісі есімдерінің жазылуына қатысты кей ескертпелер берілген. Автор бұл ескертпелерді Р.Сыздықованың 1983 жылы Социалистік Қазақстан газетіне жариялаған «Емле ережесіне енгізілген өзгерістері» негізінде жасаған [2].


Жинақтың мазмұны ерлер және әйелдер есімдері бойынша екі бөлімнен тұрады. Тізіммен берілген кісі аттарына қосымша әке аты мен тегі ретінде жазылу нұсқасы көрсетілген. Өліпбилік тізіммен бірнеше нұсқада кездесетін есімдердің әрқайсысы жеке есім ретінде беріліп, диалектілік түрі мен өзгеше жазылатындары үтір арқылы және жазылуда дәстүрге айналып, құжаттарда орфоэпиялық норма бойынша көрсетілген есімдерді жақша ішінде ұсынған. Ал, ерлерге де әйелдерге де ортақ есімдер екі бөлімде де берілген.

Қазақша-орысша нұсқалары: *Абақан – Абахан, Абдолла – Абдулла, Айәділ – Аядиль, Айдархан – Айдархан, Айжарық – Айжарик, Аймауыт – Аймаут, Аймырза – Аймурза, Айтәлі – Айтәли, Айтқожә – Айтхожә, Айтқұл – Айтқул, Айшуақ – Айшуак (Айчувак), Ақан – Ахан, Ақабай – Ахабай,* т.б.

Бұл сөздіктен де байқағанмыз, барлық есімдердің дыбыстық нұсқалары жазылған. Біздің бүгінгі мәселеміздің өзегі болып отырған қазақ есімдерін біріздендіру жайында сөз қозғалмаған. Есімдердің нормаға сай жазылуын, бірізділігін анықтау мақсатында 1-курс студенттері арасында сауалнама жүргіздік. Респонденттер саны – 94, жалпы саны 1172 қазақ есімі жинақталған. Сауалнамаға қатысушылардан аты-жөнін, туған жерін, туған жылын және мектептегі сыныптастарының, 2000-2020 аралығында дүниеге келген туыстарының есімдерін жазу сұралды. Берілген өңірлерге байланысты жинақталған есімдердің статистикалық көрсеткіші: Шымкент қаласы тұрғындарының есімдері – 104, Семей – 9, Өскемен – 22, Алматы

– 75, Түркістан облысы – 396, Жамбыл облысы – 102, Нұр-сұлтан – 145, Ақтөбе – 43 , Қызылорда – 183, Байқоңыр – 12, Қостанай – 18, Атырау – 21, Көкшетау – 9 және шетелдік қазақтар арасынан, Ресей Федерациясы, Омбы қаласы тұрғындарының есімдері – 10; Өзбекстан, Заравшан – 22. Саны бойынша алдыңғы қатарлы аймақтарды 1-диаграммада көрсеттік.

Диаграмма 1



Сауалнама қорытындысы бойынша, 2000 жылдан бері дүниеге келген қазақ азаматтарының есімдері қатарынан, ана тіліміздің тіл заңдылығына сәйкес келмейтін және шет тілдерінен енген (көп жылдар бұрын және жаңадан енген есімдер) есімдерді еліміздің аймақтары бойынша бөліп, 1-кестеде көрсеттік және жақша ішінде туған жылдары берілген.

Кесте 1

	Қала немесе облыс атауы	Кісі аттары
1	Алматы облысы	Шакира, Ахмат (2003), Зинаида (2003), Константин (2002):
2	Шымкент қаласы	Эльдар (2002), Асаби (2003), Даниса (2002), Айсу (2011), Александр, Марлен (2015), Тимур, Диас (2018), Дина (2020), Бану (2013), Акежан, Ирсай (2016);
3	Түркістан облысы	Фарангиз (2003), Жанетта, Феруза, Нигина (2003), Ситора (2004), Мардан (2019), Айнель (2020); Адила (2002), Шahnұр (2003); Дильноза, Зияда (2003ж.), Сардар;
4	Өскемен қаласы	Раяна (2016), Аймара (2005);
5	Жамбыл облысы	Аделина (2003), Альбина (2000), Дамира (2011), Искандер, Света (2011), Альфия, Ариана, Ильфат (2017);
6	Нұр-сұлтан қаласы	Жасмин, Даниэла (2003), Айя (2002), Райяна (2003), Даниль (2014), Халиф (2016) Аиша (2010), Камал (2006), Али Шах, Бұхари, Асинат, Мунзира, Маруа, Аполлон (2001), Афрасияб (2003), Джафид (2001) Айнель (2003), Данеля (2003), Кайдауыл (2001), Альзина (2000), Аттила (2001), Сага (2000);
7	Ақтөбе қаласы	Дарина, Александр, Ольга (2014), Айбат (2018);
8	Қызылорда облысы	Оливия (2018), Зубайра (1998), Жаксат (2002), Салават (2012), Согдиана (2010), Мәзжан, Дания (2018), Шахрисана (2002), Адия (2019), Мансур (2015); Виктория (2003), Карина, Анастасия, Алексей (2008), Евгения (2005), Раунах (03), Ролан (2006), Айлин (2010);
9	Байқоңыр	Камалия (2004), Элисса (2015), Альфия (2019), Вилианна (2003);
10	Атырау қаласы	Альмахан (2003);

Кестедегі есімдерден байқағанымыздай, қазақ азаматтары есімдері арасында орыс аттары әлі де жиі ұшырасады. Бұл қазақтардың орыс есімдерін таңдауымен қатар, екі ұлт өкілінің отбасын құруымен, яғни аралас некеден туған сәбилерге де тікелей қатысты. Сонымен қатар, халық арасында арабша немесе шығыстық үлгідегі есімдерді таңдау құбылысы да артуда. Оны *Альмахан, Аиша, Шахрисана, Али Шах, Халиф, Ильфат, Шahnұр* секілді есімдерден байқай аламыз. Нұр-Сұлтан, Қызылорда және Байқоңыр қалаларында тұратын балалардың есімдерінен біз жаһандандудың әсерін, еуропалық үлгідегі есімдерді таңдауы жиі көрінген. Мысалы, *Аделина, Элисса, Вилианна, Оливия, Даниэла, Жанетта*, т.б. ХХІ ғасырдың басындағы есімдерде де ұшырасатын дыбыстық ерекшеліктер 2-кестеде көрсетілді.

Кесте 2

№ р/р	Дыбыстық ерекшеліктер	Антропонимдер
1.	<i>ә</i> дыбысының орнына <i>а</i> жазылуы	Амина (2012), Жания, Сабина, Акежан, Амир (2004), Сания (2002), Асем, Алия, Камила (2001), Азиза (2006), Алим (2004) Али (2001) Ахмедали (2012), Аубакир (2002), Алимхан 2007, Адия (2019), Алим (2020), Алия (2003) Альзина (2000), Амир (2002);
2.	<i>ұ</i> дыбысының орнына <i>у</i> жазылуы	Жулдыз-ай, (2004), Балнур (2003), Мурат, Кундыз, Улан (2002); Нурасыл, Мухамедали (2015), Нурислам, Дильмурат, Улбике, Нурасыл (2011); Улан; Тумар (2002), Нурали (2008); Нурталап (2001), Нуржан


		(2003), Нурдана (2003), Зубайра (1998), Жулдыз(1999), Нуркен (2002), Нуржан (2011), Нурсулу (2017), Нургуль (2003), Нурмухамед (2010) Мансур (2015);
3.	<b>қ</b> дыбысының орнына <b>к</b> жазылуы	Акшолпан (2006), Акжаркын, Акниет, Ардак (2002), Кайдауыл (2001) Акерке (2002), Акерке (2003);
4.	<b>і</b> дыбысының орнына <b>и, ы</b>	Жибек (2002), Инжу-Маржан (2016), Айгерым, Темирлан (2000) Ынжу (2010), Инкар (2002), Енлик, Едиге (2003), Молдир (2003);
5.	<b>н</b> дыбысының орнына <b>м</b>	Балғымбек (2003);
6.	дауысты дыбыстың түсірілуі	Мейрбек (2003), Нурсейт (2014), Адлет (2003), Тлек (2010), Жаслан (2004), Мейржан (2013);
7.	<b>г</b> дыбысының орнына <b>з</b>	Гани, Айғаным (2008), Жангир (2004), Сага (2000) Жалгас (2015);
8.	<b>е</b> дыбысының орнына <b>и, э</b>	Ирсай, Искандер, Эрик (2010);
9.	<b>ь</b> белгісінің қолданысы	Айгуль, Дильноза, Гульсим (2003), Альбина (2000), Асель(2003), Жангуль (2001), Анаргуль (2003), Анель (2002), Альмахан, Абдильман;
10.	<b>у</b> дыбысы және <b>а</b> қосымшасының берілуі	Муслима (2001), Жасмина (2005);
11.	<b>й</b> дыбысының қате берілуі	Айяулым (2008), Айида (2013);
12.	<b>н</b> дыбысының екі рет қолданысы	Жаннат (2004);
13.	<b>ө</b> дыбысының орнына <b>о</b>	Коркем (2002);

Жоғарыда берілген мәліметтер сауалнама нәтижесінде жинақталған кісі аттары бойынша жасалды. Біз зерттеу жұмысымызда қазіргі қазақ есімдерін біріздендіру мақсатында дыбыстық ерекшеліктерді баса назарға алдық. Сондықтан, 2019-2020 жылғы грант иегерлері тізімі бойынша қазақ есімдерін жинақтап, фонетикалық қателерін көрсету мақсатында талдау жүргіздік. Жиі кездесетін дыбыстық ерекшеліктер мен дыбыс арасындағы ауытқушылықтарды анықтап статистикалық санын шығардық (төменде 2-диаграммада көрсетілген).

Талдау барысында құжаттардағы қазақ есімдерінің ең жиі кездесетін дыбыстық қателерге **ә – а, і – и, б – п, г – к, й – и, қ – к, ө – о, ұ – у, ү – у, ң – н** әріптерінің дұрыс қолданылмауы және қазақ сөздеріне мүлдем тән емес **ь** белгісінің қосарлануын жатқызамыз. Байқағанымыздай, есім құрамындағы төл дыбыстарымыздың қолданыс жағдайы тұрақты емес. Сондай-ақ, есімдегі бір әріп өзгерсе, екінші төл дыбыс та өзгеріске ұшырайды. Мысалы, бір Болтирик есімінде **ө-о, і-и** әріптерінің қате қолданысы бар немесе Гульджибек есімінде **ү** дыбысының орнына **у, ь** белгісінің қосылуы, **жс** дыбысының орнына қосарлы **джс** және **і** дыбысының орнына **и** дыбысының жазылуынан орфографиялық норма заңдылығына қайшылықтарын көреміз. Тұжырымдай келе, бұл мақалада біз Т.Жанұзақ, А.Смағұлов, Н.Оңдасынов сынды авторлардың қазақ есімдерін жинақтаған сөздіктеріне тоқталып, сөздіктердің құрылымы, қазақ антропонимикасы қорына әсері, есімдердің этимологиясын қаншалықты дұрыс бере білгендігі секілді мәселелер қарастырып өттік. Қазақ антропонимдерінің нормалану жолдарын сауалнама арқылы, сонымен қатар, 2019-2020 оқу жылында грант иегерлері атанған талапкерлердің тізімі бойынша қазақ есімдерінің дұрыс жазылуын қарастырдық.

Диаграмма 2

дыбыстық өзгеріске ұшырығын қазақ антропонимдерінің сандық көрсеткіші



Ең негізгі қателіктер, дыбыстық ерекшеліктеріне байланысты болғандықтан, осы ауытқуларды тек диаграмма түрінде сандық көрсеткішпен дәлелдей түстік және қате жазылған есімдер тізімін бердік. Заманауи қазақ есімдерінде ұшырасатын фонетикалық қателерге *ә-а, і-и, ғ-г, қ-к, б-п, ң-н, й-и, ұ,у-у* дыбыстарының орын алмасуы, қазақ сөздеріне тән емес *ь* белгісінің қолданылуы және *-а* қосымшасының қазақ әйел есімдеріне қосарлануын жатқыздық. Кестеде көрсетілгендей, антропонимдік трансформация құбылысына байланысты дыбыстық кейпі өзгерген есімдер ер есімдеріне қарағанда әйел есімдерінің бейім екендігін атап өтуге болады. Сонымен қатар қазіргі уақытта заманауи қазақ антропонимдік жүйесінде екі есімнен бірігіп жасалған антропонимдер саны артқандығын анықталды. Олар сызықша арқылы (Асыл-Дара, Бақыт-Жамал), бөлек жазылған (Қыз Жібек) немесе бірге жазылған (Айшабибі) есімдер. Мұндай қателіктер өз сәбиіне ат беретін ата-аналардың қазақ әдеби тілінің нормасын, орфографиялық ережелерін және «Кісі аттарының емлесінен» бейхабар екендігін көрсетіп отыр. Кісі аты – жөнін құжаттарға рәсімдеу АХАТ қызметкерлерінің міндетіне кіреді. Бірақ «Неке және отбасы туралы ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ Кодексіне сәйкес 10-тарауда баланың құқықтары қарастырылған «Балаға ат ата-анасының келісімі бойынша қойылады»[5] деп көрсетілген. Сондықтан баланың аты-жөнінде жіберген орфографиялық қателерін АХАТ қызметкерлері жөндеуі заңға қайшы болып есептеледі, дегенімен құжат толтыру барысында ата-анаға ұсыныс пен пікірлер айтқан жөн деп санаймыз. Бұл қарастырылған мәселелер, яғни есімдердің жазылуы мен рәсімделуінде бірізділік жоқ екендігін көрсетті, сондықтан қазақ антропонимикасында шешілуге міндетті даулы сұрақтар қатарына еруге тиіс деген ұсыныс білдіреміз.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Смағұлов А. Қазақ есімдері. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Атамұра, 2006. – 432 б.
2. Жанұзақов Т.Д., Есбаева Қ.С. Қазақ есімдері (анықтамалық сөздік). – Алматы: Ғылым, 1988. – 480 б.
3. Сейдімбек А. Антропонимика және шежіре // Ономастикалық хабаршы. – Алматы, 2009. – №1 (15). – 21-27 б.
4. Оңдасынов Н.Д. Араб текті қазақ есімдері,- Алматы: Білім, 2011, 244 бет.

5. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-V Кодексі. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>
6. Уәли Н., Күдеринава Қ. Орфографиялық сөздік. – Алматы: Дәуір, 2013. – 720 б.

УДК 81'371

## К ВОПРОСУ О ВАЖНОСТИ ЭМОТИВНОГО ПОДХОДА В ЛИНГВИСТИКЕ

Оспанова Дана Жаңабекқызы

[Dana.zhanabek@mail.ru](mailto:Dana.zhanabek@mail.ru)

Докторант кафедры казахского языкознания ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан,  
Казахстан

Научный руководитель – Г.Сағидолда

Диапазон переживаемых человеком эмоциональных состояний очень широк. Человек испытывает эмоциональное состояние как во время общения, так и во время внутренней речи, и даже в письменной речи: радость, вдохновение, обида и т.д. Практически все эти состояния души в разной степени выражены в нашем языке. Поэтому эмоции и чувства требуют глубокого изучения этого направления не только физиологами и психологами, но и лингвистами. В период бурного развития современных межнациональных отношений и сопряжения культур изучение эмотивных кодов также стало актуальной проблемой. Если рассматривать то, что в любой коммуникации есть языковое общение, очевидно и то, что она содержит эмоциональную сторону и эмотивный код.

Следовательно, тексты (слова), принадлежащие к разным культурам, расшифровываются (дешифруются) сложной системой кодов. Эмотивная лингвистика – это современный, эмотивный подход в лингвистике, возникшая в этом направлении и развивающаяся как отдельная сфера. В данной статье рассматривается эмотивный подход, роль эмотивной лингвистики в лингвокультурном аспекте.

Эмотивная лингвистика, изучаемая в рамках структурного языкознания, стала приоритетным направлением в ходе развития антропоцентрической парадигмы XX века. Термин «эмотивность» был введен в научный оборот Б.А. Лариным в двадцатых годах XX века. Ученые связывают изучение эмотивной лексики с именами А. Потебня, Н. Я. Грота. Первоначально для этой науки, рассматривающей эмоциональный оттенок языка, наряду с названием «эмотиология», были выбраны термины эмотология (В. Гакк) и эмоциология (О.Е. Филимонова). В современной науке сформировался первый вариант термина. В. И. Шаховский дает следующее определение эмотиологии: «Это наука о вербализации, произношении и коммуникации эмоций» [1, 8].

В то время как психологи придают значение природе эмоции, форме ее возникновения и функции, задача лингвиста состоит в том, чтобы акцентировать внимание на языковые способы при описании эмоциональных отношений и состояний.

Реализация эмотивной коммуникации на разных языках имеет разный характер. Исследователи рассматривают эмоцию как психический процесс или состояние, характеризующееся тремя параметрами: 1) Оценка – положительное или отрицательное. Например, *баламның амандығы мен үшін бақыт* (благополучие моего ребенка – это счастье для меня), 2) длительность – *оның ашуы шай орамал кепкенше (его гнев проходит быстро)*, 3) интенсивность – слабая, умеренная и сильная передача эмоций, передаваемых различными маркерами: *ол ыңғайсызданды* (ему было неловко), *қатты ыңғайсызданды* (очень неловко), *өте қатты ыңғайсызданды* (очень сильно неловко), *жерге кіріп кете жаздады (не знал, куда себя*